

Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуін психологиялық сүйемелдеу

Берілген жұмыста бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделу кезіндегі қиындықтарын диагностикалау, қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу, ата-аналар мен мұғалімдерді ақпараттандыру, дамыту жаттығулары жүргізіледі. Бірінші сынып оқушысының мектеп өміріне бейімделу кезеңінде әртүрлі қиындықтарды жеңу мақсатында оларға психологиялық қолдау көрсету өте маңызды.

Мақсаты: Сыныпта үйлесімділік орнату, танымдық процесті дамыту, диагностика нәтижесі бойынша төмен деңгейді көрсеткен оқушыларды бақылау, оларға мектепке деген оң көзқарас қалыптастыруды үйрету;

Міндеттері: Есте сақтау, зейін, ойлау процестерін дамыту, балада жағымды эмоцияны қалыптастыру, коммуникативті дағдыны орнату;

Жүргізу әдістері: Диагностикалау, бақылау, әңгімелесу, қысқалекциялар, тренингтік жаттығулар, жеке және топтық кеңес беру, жаднамалар тарату;

Оқушылармен төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі:

• Диагностикалық

Мақсаты: Оқушылардың мектеп өміріне бейімділік деңгейін анықтау, таным процестерін дамыту, зерттеу

- Керн-Йерасек тесті
- Оқушыларды бақылау, сабақтарына қатысу
- Таным процестерін зерттеу

• Ағартушылық

Мақсаты: Топпен практикалық жұмыс, ата-аналардың психологиялық білімдерін жоғарылату, ата-аналарға «Бірінші сынып оқушыларына психологиялық көмек» тақырыбында жиналыс өткізу;

• Түзету-дамытушылық

Мақсаты: Айына бір рет /қыркүйек-желтоқсан/ тренингтер ұйымдастыру, оқушылар бойындағы эмоционалды қысымды шығару, өз-өзіне сенімділік деңгейін арттыру;

• Кеңес беру

Мақсаты: Ата-аналарға кеңестер беру, жеке және топтық кеңестер беру сұраныс бойынша

Бірінші сынып оқушыларымен жүргізілетін түзету-дамытушылық жұмыстың жоспары

р/с	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	«Сәлеметсізбе мектеп»	Тренинг	Қыркүйек
2	«Мейірімділік»	Тренинг	Қазан
3	«Тыныштық»	Тренинг	Қараша
5	«Біз біргеміз!»	Тренинг	Желтоқсан

№4 сабақ «Біз біргеміз»

Мақсаты: Топты біріктіру. Ырықты есте сақтауды, зейінді дамыту;

«Көңіл-күй өлшегіші» жаттығуы.

Мақсаты: Қысымды түсіру, жағымды эмоциялық хал-ахуал жасау.

Нұсқау: Жүргізуші баладан жалпы өлшейтін зат туралы сұрайды/термометр, дене қызуын өлшеуіш/ және ол не үшін қажет. Содан кейін өз көңіл-күйін тек қолымен көрсетеді: нашар көңіл-күй – алақан бір-бірімен жанасады, жақсы – қолы екі жаққа бағытталған.

«Бұл мен. Мені таны» жаттығуы

Мақсаты: Эмоциялық қысымды, агрессияны түсіру, эмпатияны, тактильді қабылдауды дамыту, топта жағымды эмоциялық жағдай қалыптастыру;

Нұсқау: Топ ішінен арқасымен тұратын бір жүргізуші таңдалады. Бала кезекпен арқасынан алақанымен сипалап былай дейді: «Бұл мен. Кім екенін тапшы». Жүргізуші кім екенін табуы қажет. Жүргізушінің орнында баланың барлығы болып шығуы қажет.

«Шатасу» жаттығуы

Мақсаты: Ерікті есте сақтауды дамыту, топта жағымды эмоциялық жағдай тудыру.

Нұсқау: Бір жүргізуші таңдалады, қалғаны шеңбер бойына немесе бір қатарға орналасады. Жүргізуші 15 секунд ішінде баланың ретіне қарап есінде сақтайды. Содан кейін ол теріс қарайды. Ал баланың кейбіреуі орнын ауыстырады немесе жасырынып қалады. Жүргізуші өзгерісті табуы керек.

«Мейірімді піл» жаттығуы

Мақсаты: Қысымды, агрессияны түсіру, қозғалыс белсенділігін төмендету.

Нұсқау: Бала шеңбер бойына орналасады. Тұтас мейірімді піл екенін айту. Әрбір бала алдындағы баланың белінен құшақтайды. Нұсқау бойынша көршісінің иығын, басын, арқасын, қолынан сипайды. Содан соң бөлме ішімен жүру және орнына отыру ұсыналады.

№3 сабақ: «Тыныштық»

Мақсаты: Танымдық процесс туралы білімді қалыптастыру, есте сақтау, ойлау, қиялды дамыту;

«Әңгіме» жаттығуы

Мақсаты: Қысымды түсіру, топта жағымды эмоциялық хал-ахуал жасау.

Нұсқау: «Бала сен білесің бе, адамға ес, зейін, ойлау және қиял не үшін қажет? Өте дұрыс...»

«Лабиринг» жаттығуы

Мақсаты: Көркемдік-бейнелі ойлауды, зейінді, өзін-өзі бақылауды дамыту

Нұсқау: Балаға лабиринт салынған жолақ және қосымша нұсқау беріледі.

«Айна» жаттығуы

Мақсаты: Қиялды, кеңістікте бағдарлануды, ересек қимылын қайталау, іскерлікті дамыту.

Нұсқау: Барлық бала шеңбер бойына немесе қатарға орналасады және «кішкентай айна болады».

«Тыныштықты тыңдау» жаттығуы.

Мақсаты: Өзіндік бақылауды, есту зейінін дамыту, эмоциялық қысымды түсіру, қозғалыс белсенділігін төмендету.

Нұсқау: Балаға 15 секунд үндемей және тыныштықты тыңдау ұсынылады. Содан кейін әрқайсысы не естігенін ортаға салады.

«Көңіл-күй өлшегіші» жаттығуы.

Мақсаты: Қысымды түсіру, жағымды эмоциялық хал-ахуал жасау.

Нұсқау: Жүргізуші баладан жалпы өлшейтін зат туралы сұрайды/термометр, дене қызуын өлшеуіш/ және ол не үшін қажет. Содан кейін өз көңіл-күйін тек қолымен көрсетеді: нашар көңіл-күй – алақан бір-бірімен жанасады, жақсы – қолы екі жаққа бағытталған.

№2 сабақ «Мейірімділік»

Мақсаты: Топта ынтымақ, жағымды эмоциялық жағдай тудыру;

«Мейірімді есім» жаттығуы

Мақсаты: Эмпатияны дамыту, жағымды эмоциялық күй тудыру.

Нұсқау: Балаға оң жағындағы көршісіне мейірімді түрде атау ұсынылады, нәтижесінде тыңдаушы алғысын білдіреді. Бірінші шеңберден кейін жаттығу кері жаққа орындалады./енді сол жағындағы көршісін мейіріммен атайды./

«Атом және молекула» жаттығуы

Мақсаты: Қысымды түсіру, топты біріктіру. Осы жаттығу көмегімен баланың өзара қарым-қатынасын бақылауға болады.

Нұсқау: Бала бөлмеде еркін қозғалады. Бірнеше уақыттан кейін психолог: Сенің әрқайсысың атомсың, жалғыз жүріп ішің пысып кетті, сондықтан атом екіден бірікті, содан кейін үштен жіне төрттен бөлін деген тапсырма ұсынылады.

«Мен...ұнатамын» жаттығуы

Мақсаты: Балада эмпатияны, өз ойын білдіру іскерлігін дамыту.

Нұсқау: «Бір-бірін тану үшін «Мен... ұнатамын» ойынын ұсыну. Допты кім тосып алады, сол нені ұнататынын атай отырып, оны келесі білім алушыға лақтырады.

«Тыныштықты тыңдау» жаттығуы.

Мақсаты: Өзіндік бақылауды, есту зейінін дамыту, эмоциялық қысымды түсіру, қозғалыс белсенділігін төмендету.

Нұсқау: Балаға 15 секунд үндемей және тыныштықты тыңдау ұсынылады. Содан кейін әрқайсысы не естігенін ортаға салады.

«Көңіл-күй өлшегіші» жаттығуы.

Мақсаты: Қысымды түсіру, жағымды эмоциялық хал-ахуал жасау.

Нұсқау: Жүргізуші баладан жалпы өлшейтін зат туралы сұрайды/термометр, дене қызуын өлшеуіш/ және ол не үшін қажет. Содан кейін өз көңіл-күйін тек қолымен көрсетеді: нашар көңіл-күй – алақан бір-бірімен жанасады, жақсы – қолы екі жаққа бағытталған.

№1 сабақ. «Сәлеметсіз бе мектеп» тренингі

Мақсаты: Бірінші күндегі оқушылардың қорқыныш деңгейлерін төмендету, жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру;

Жүргізуші: Біз – сыныппыз. Бізде алда көп жылдар күтуде. Ұзақ уақыт бойы бірге өсеміз, үйренеміз, білім аламыз. Сол себепті бір-бірімізді танып, білуіміз керек, ол үшін не істеуіміз керек? Дұрыс айтасындар. Танысуымыз керек. Адамды өз есімімен атаған құлаққа жайлы естіледі, яғни сені құрметтейді, жақсы көреді.

Менің қолымда кішкентай «Сәлеметсіз бе мектеп» бар. (Стикер жүрек) Адамның жүрегі жылылыққа, достыққа толы. Мен оны сендерге беремін. Сендер әрқайсысын «Жүрек» қолдарыңа келгенде өздеріңнің есімдеріңді айтасындар. Достарыңның есімдерін жаттап алуға тырысындар. Жүрек маған қайтып оралды. Әрқайсысыңның есімдеріңді есте сақтады деп сенемін, егер мен ұмытып қалсам, маған көмектесесіңдер ме?

Балалар, сендер білесіңдер ме, мейірімді адамды бір сөзбен қалай атайды? (кішіпейіл, ақылды, жайлы, сабырлы ж.т.б.) Жарайсындар! Ал қатыгез адамды ше? Оны неге бұлай атайды? Я, өте дұрыс. Мейірімді адамның жүрегі мейірімге толы. Ол өз жүрегіндегі мейірімінен өзге жанға мейірім шуағын шашады.

Қолдарыңды жүрек тұстарыңа қойындар. Оның соғысын тыңдап көрейікші. Біздің жүрегіміз мейірімге, жақсылыққа толы, естіп тұрмыз ба?

Мен сендерге не әкелгенімді қарандаршы. (үлкен плакатқа салынған жүрек көрсетіледі) Бұл неткен, үлкен жүрек. Біз бұл жүректің ішіне барлығымыз сыйып кетеміз бе? Біз барлығымыз бір бүтінбіз, бір сыныппыз. (Жүрек тақтаға ілінеді). Бұл жүректің ішінен барлығыңа орын табылады. Бәріміз түрлі-түсті қарандаштарымызды алып, мен берген кішкентай жүрекке сыныптағы оқушыларға сыйлықтар саламыз, Ол машина, гүл, ойыншық, табиғат болуы мүмкін, бояуға да болады. Кім болса, қолын көтерсін. (Психолог жүректерді жинап алады)

Балалар, не шыққанын қарандаршы. Үлкен жүрек ішінен бәріңе орын табылды. (Қандай сурет салғанын атап айту қажет.)

Кейде көңіл-күйлерің түсіп, өздеріңді жалғыз сезінсеңдер, осы үлкен жүректі естеріңе түсіріңдер, Көп жылдар өтеді, үлкен азамат боласындар. Сосын осы жүректі бәрің қайта естеріңе аласындар.

Ал қазір менің сендерге сыйлығым (кішкентай жүрек стикерлер тарату). Бұл жүрекке қандай сурет салғыларың келеді, соны салуларыңа болады. Бұл жүректі анаңа, әкеңе, әжеңе, апайыңа, бауырыңа, досыңа беруіңе болады. Өзің қалаған адамыңа. РАХМЕТ)

**Бесінші сынып оқушыларымен жүргізілетін түзету-дамыту
жұмысының жоспары
2022-2023 оқу жылы**

р/с	Тақырыбы	Формасы	Мерзімі
1	Бесінші сынып дегеніміз не?	Тренинг	Қыркүйек
2	Орта мектептегі жаңа оқушы	Тренинг	Қазан
3	«Біздің мұғалімдеріміз»	Тренинг	Қараша
4	«Біз және біздің сынып»	Тренинг	Желтоқсан

Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуін психологиялық сүйемелдеу

Берілген жұмыста бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезіндегі қиындықтарын диагностикалау, қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу, ата-аналар мен мұғалімдерді ақпараттандыру, дамыту жаттығулары жүргізіледі. Бесінші сынып оқушыларының бейімделу кезінде көмектесуі қажет. Оқу жағдайының өзгеруін ғана емес, сонымен бірге 10-11 жастағы балалардың жас ерекшеліктерін және қажеттіліктерін де есепке алу өте маңызды.

Мақсаты: Балалардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуін психологиялық дайындығын, ой-өрісінің даму деңгейін анықтау, психологиялық көмек көрсету

Міндеттері:

- Оқушылардың бойында қалыптастыру;
- Орта буында оқу бейімділіктерін, дағдылары туралы түсінікті дамыту;
- Өздігінен қабылдау, өздігінен ашылу және басқаларды қабылдау негізінде басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрету;
- Қорқынышты төмендету;
- Ойын түрінде жаттығуларды орындау;
- Өздерінің құрдастарымен серіктес болу дағдыларын, басқалармен жарыса білу деңгейін дамыту;

Жұмыстың әдістері:

Сұрақ-жауап, сұхбаттар, тренингтер, бақылау, ойындар

Оқушылармен төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі:

• Диагностикалық

Мақсаты: Тәуекел топты анықтау, орта буынға бейімделу кезеңінде қиындықтарды зерттеу,

- Филлипс тесті
- Суицидке бейімділікті кешенді тестілеу

• Ағартушылық

Мақсаты: Топпен практикалық жұмыс, ата-аналардың психологиялық білімдерін жоғарылату, ата-аналарға «Бірінші сынып оқушыларына психологиялық көмек» тақырыбында жиналыс өткізу;

• Түзету-дамытушылық

Мақсаты: Айына 1 рет /қыркүйек-желтоқсан/ тренингтер ұйымдастыру, оқушылар бойындағы эмоционалды қысымды шығару, өз-өзіне сенімділік деңгейін арттыру;

• Кеңес беру

Мақсаты: Ата-аналарға кеңестер беру, жеке және топтық кеңестер беру сұраныс бойынша

« Біз 5 – сыныпқа барамыз» (тренинг-сабақ)

Тақырыбы: « Біз 5 – сыныпқа барамыз»

Мақсаты : балалардың өз – өздерін тануға , психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін , көңіл – күйін , сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

Сабақтың түрі : талқылау, ойын сабақ

Керекті құралдар : түрлі – түсті қағаздар , маркер , суреттер , ватман .

Сабақтың барысы :

I Ұйымдастыру кезеңі . Сәлемдесу.

Сәлемдесу. Менің тренингтік есімім.

Шарты: Топ дөнгелек болып отырады, қатысушылар кезекпен сәлемдесіп, әр оқушы есімін айта отырып, өз бойындағы жақсы қасиеттерді қоса айтады.

Жүргізуші оқушылардың бойында табылған нақты қасиеттерді саралап, қортындылай келе тренинг сабақтың ережесін түсіндіреді.

ЕРЕЖЕ:

1. Құпиялылық
2. Бір-бірімізді тыңдаймыз және сөзді бөлмейміз
3. Белсенді боламыз
4. Бір-бірімізге ренжімейміз
5. «қазір» және «осында» принципі

II . Психологтың кіріспе сөзі.

5- сынып дегеніміз не ?

Бесінші сынып дегеніміз – бастауыш буыннан орта буынға көшудің алғашқы кезеңі болып табылады. Бесінші сыныпта оқушылардың бейімделу кезеңі жүреді. Балада кіші мектеп жасынан өтуде психологиялық өзгерістер болады. Өйткені бастауыш сынып оқушысы бір ғана мұғалімге, бір кабинетке , яғни тұрақты қалыпқа үйренген. Ал орта сыныпқа көшкен кезде оларға бірнеше мұғалім сабақ береді. Сабақ кестесінің ауысуы, жаңа сыныптастарымен, жаңа ұстаздарымен қарым – қатынас жасау, мұның барлығы оқушының оқу мотивациясына әсер етеді. Балада мазасыздық пайда болады, сенімсіздік қалыптасады. Бастауышпен салыстырғанда сабақ үлгерімі нашарлайды. Баланың пәндік оқуға бейімделу кезеңі сәтті өту үшін оқушылардың білімге деген қызығушылығын оятумен қатар, жаңа сыныптастарымен, мұғалімдерімен қарым – қатынасына көмектесу керек.

Оқушыларға сұрақтар:

- 5 сынып дегеніміз не ?
- 5 сыныпта қандай пәндер оқытылады ?
- 5 сыныптан не күтесіз ?
- Мен бастауыш түлегі болғандықтан ...
- 5 сыныпта мұғалім маған ...

III. Топтық жұмыс. «Біздің 5 сынып» суретті жаттығу.

Мақсаты: оқушылардың сынып туралы ойларын білу, қарым – қатынасын анықтау. Топтық суреттер арқылы оқушының ойын білу.

Оқушылар топ болып отырады. Топқа жұмыс беріледі. Оқушылар өздерінің ойларын білдіріп, презентация жасайды.

1 топқа — «Менің бесінші сыныбым»,

2 топқа — «Менің сынып жетекшім»,

3 топқа — «5 сынып оқушысы қандай болу керек?»

Оқушылар салған суреттері бойынша түсінік жүргізеді.

«Жер сілкінісі» қыздыру жаттығуы

Мұнда топқа қатысушы адамдар 3-3-тен болып тұрады. Екеуі шатыр және бір адам олардың астында тұрады. Жүргізуші шатыр деген команда бергенде, шатыр жасап тұрған балалар ауысуы керек. Жүргізуші «адамдар» деген команда бергенде, шатыр астындағы адамдар орнын ауыстырады. Ал егер, «жер сілкінісі» деген команда болғанда, барлығы орын ауыстыруы керек.

«Менің жұлдызым».

Нұсқау: Енді көз көз алдыңызға жұлдызды аспанды елесетініз. Жұлдыздар үлкен және кішкентай, жарық және әлсіз жарық. Біреулер үшін бұл бірнеше жұлдыз, біреулер үшін сансыз ұсақ, небір жарық, жымындаған нүктелер болуы мүмкін. Қол созғанда жететіндей біресе алыстап, біресе жақындап көрінуі мүмкін. Жұлдыздарға көңіл қойып қарап, ішінен өзіңізге ұнаған тамаша жұлдызды таңдаңыз. Өз жұлдызыңызға қарап, оған жетуге тырысыңыз. Бар күшіңізбен ұмтылыңыз, сіз міндетті түрде өз жұлдызыңызға жете аласыз. Оны аспаннан алыңыз да, алдыңызға жайлап қойыңыз. Жақынырақ қараңыз, оның қандай екенін есте сақтаңыз. Тізеңізді сипап, қолыңызды екі жанға созыңыз да, көзіңізді ашыңыз. Жұлдызыңыз сізге достық, қайырымдылық, шұғыласын шашады. Білім жолында, өмір жолында қолдау көрсетеді. Түнгі жұлдыздарды қарасаңыз олардың әртүрлі екенін көресіз. Олар әртүрлі біз бен сіз сияқты.

Рефлексия (ой қорытындылау).

«Аяқталмаған сөйлемдер».

Бүгінгі сабақта менің түсінгенім...

Бүгінгі сабақта маған ұнағаны және ұнамағаны...

Оқушылар сөйлемдерді өз ойларымен аяқтай отырып, сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.

Қорытынды:

5 сынып оқушыларының дамуы, одан әрі қалыптасуы, үнемі дамып отырады. Оқушылардың орта буынға көшкендегі психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуының, ұстаздарға жеңіл бейімделуге, оңай тіл табысуға үйрете білуіміз керек. Сондықтанда оқушыларды дамыта түсуіміз керек. Ерекшеліктерін ескере білуіміз керек.

№4 сабақ «Біз және біздің сынып»

Мақсаттары:

- Алаңдаушылықты төмендету;
- Ішкі топтық жұмылдыруға қол жеткізу;
- Жалпы «Біз» деген пікірдің өзінің дербес «Мен» деген түсінігін түсіну;

Міндеттері:

- Топта өзара әрекеттесу бойынша алған тәжірибені жалпыландыру;
- Әрбір қатысушыға топтан кері байланысты қамтамасыз ету;
- Өзін топтың мүшесі ретінде сезіну;

Көрнекіліктер:

Ашық түсті қағаз беттері (көгілдір, қызғылт, сары), әрбір қағаздың ортасында «Мен» деген жазуы бар (қатысушылардың саны бойынша), түрлі қарындаштардың немесе фломастерлердің жиынтығы; одан әрі кішкентай жапсырмалар желімденетін ватман парағы; фотоаппарат; сабақтың кезеңінің тиімділігін бағалау үшін сауалнама бланкілері.

Сабақтың барысы:

Жаттығу « Ұжымдық есеп»

Балалар жазбаша тапсырма тапсырады

Тақырып бойынша жұмыс:

Жаттығу «Сыныптың коллажы»

Оқушыларға өздерінің кеуде белгілерін жасау ұсынылады – онда қатысушының есімі және оның қандай да бір жағымды қасиеті, оның үлгісін әркім өзі тандайды.

Балалар жұмыс істеп жатқанда тақтада олардың алдында «Біз және біздің сынып» атты плакат ілініп тұрады. Тапсырманы орындап, әр қайсысы плакатқа өзінің кеуде белгісін желімдейді.

Жүргізуші әрбір оқушыға олардың әрқайсысының сыныптың жеке бөлігі екендігін түсіндіруі қажет. «Мен» жалпы «Бізді» құрайды. Қорытындысында жалпы ортақ «Біз» «Мен» деген пікірсіз бола ала ма? Соны тақылау қажет.

Жаттығу «Біз қандаймыз ?»

Барлығы бір дауыспен «Біз барлығымыз» деп айтады, ал жекелеген қатысушылар жекелеген таңбалардағы қасиеттерді оқиды, бірақ көпше түрінде. Мысалға: «Біз барлығымыз күштіміз, ақылдымыз, әдеміміз, мейірімдіміз...»

Сабақтың талдауы (сабақтың бірінші кезеңіндегідей:)

Кері байланысты ауызша айту нұсқасы.

Шеңберде тұрған қатысушылар, бір-біріне ойыншық немесе допты бере отыра, сабақта не естерінде сақталғандығын айтады.

Топтың жалпы фотосуреті жасалынады. Жүргізуші оның ортақ таңбаға желімденетіндігін хабарлайды.

Жобалық әдістеме «Ағаш»

Сабақтың тиімділігін бағалау

Әрбір қатысушы сабақтың кезеңдерінің тиімділігін бағалау үшін сауалнаманы толтырады. Сауалнаманы толтырғаннан кейін әрқайсысына болашаққа тілек, жол сілтеп диплом беріледі.

Сауалнама

Құрметті бесінші сынып оқушысы !

Сен көптеген мәселелер талқыланған сегіз сабаққа қатыстың. Біздің осы бірлескен жұмысымыз туралы сенің ойыңды білу бізге қызықты. Бірнеше сұраққа жауап беруінді сұраймыз, ол бізге келесі оқу жылында осындай сабақтарды оданда қызықты және пайдалы өткізуге көмектеседі.

Рахмет !

1. Біздің сабақтарда талқыланған тақырыптардың немесе сұрақтардың қайсысы сенің есінде қалды?
2. Саған не ұнады: қандай жаттығулар, ойындар, сабақ тақырыптар?
3. Саған не мүлдем ұнамады?
4. Біздің сабақта білгендеріңнен саған не болашақта көмектеседі деп ойлайсың?
5. Келесі сабақтарда не туралы білгің келеді?

1 Қосымша

«Тыңдау» және «Есту» түсініктерін салыстыру

- Адамға неліктен екі құлақ, екі көз және бір ғана тіл берілген соны ойлаңдар?
- Не маңызды: сені тыңдаған ба әлде естіген бе?
- Өмірде сен үшін не ең құнды және ең маңызды? (Нұсқалары тақтаға жазылсын)
- Адамға қашан жақсы болады? (Оны жақсы көргенде, оның дені сау болғанда, оны түсінген кезде).
- Адамды түсінген кезде? (оны тыңдаған кезде)

2 Қосымша

Тест «Сіз тыңдай аласыз ба?»

Әрбір оқушы сұрақтар жазылған бланкіні алады:

1. Біреумен сөйлесіп отырғанда көңіліңді жиі бөлесің бе?
 2. Сен тыңдап тұрған болып, басқа нәрсені ойлап тұрасың ба?
 3. Әңгіме айтып тұрғанның сөздеріне сезіммен берілесің бе?
 4. Өзіңмен сөйлесіп тұрған адамды жиі бөлесің бе?
 5. Сен тыңдайсың ба немесе тыңдап тұрған болып көрінесің бе?
 6. Басқаларды тыңдап тұрғанда, өзің басқа нәрсені армандап тұрасың ба?
 7. Әңгімелесушіні тыңдап тұрғанда, не жауап беретіндігіңді ойласың ба?
- Енді нәтижесін есептейміз: сенде «иә» деген жауап неғұрлым көп болса, соншалықты сіз басқа адамдарды тыңдай алмайсыз. Сіздің басқаларды тыңдауыңызға не бөгет болатындығын ойлап көрейік.
- Психолог оқушылардың жауаптарын қорытындылайды.

№3 сабақ «Біздің мұғалімдеріміз»

Мақсаты:

Бесінші сынып оқушыларына педагогтарға қатысты әлеуметтің ұстанымды ұстауым қажет.

Міндеттері:

Оқушыларға өздерінің оқу процессінің «когнитикалық картасын» құруға, өз ісінің шебері ретінде педагогқа түсінік беруге, педагогтар туралы оларды қызықты тұлға ретінде түсінік беруге көмектесу.

Көрнекіліктер:

Болашақ гүлдің суреті белгіленген ватман парағы, (3 дана). Болашақ «гүлдің» жапырақшалары мұғалімдердің сөз сұхбатынан үзінді. Оқу пәндерінің аталуы жазылған карточкалар (әйел адамдардың есімдері басымды болу). Магнитті тақта, желім, маркерлер.

Мұғалімдермен сұхбаттасуды алдын-ала жүргізген дұрыс.
Ойын сыныпта өткізіледі.

Сабақтың барысы

Естелікке жаттығу «Мұрын, еден, ормал»

Үй тапсырмасын талқылау. Сезімдерді билеу тәсілдерін талдаймыз.

Тақырып бойынша жұмыс:

Балалар өз орындарында отырады. Жүргізуші балалар жауап беруі қажет сұрақтарды оқиды және тақтаға жазады.

«Оқу пәндері» - бесінші сыныптың бағдарламасында бар пәндерді оқу және талқылау. Балалар үш топқа бөлінеді.

Жаттығу «Біздің мұғалімдеріміздің аттары кім?»

Осы жаттығудың көмегімен әр түрлі пәндер бойынша қандай мұғалімдер сабақ беретіндігін еске түсіру қажет. Жүргізуші пәнді және оны оқытатын мұғалімді атайды, ал балалар жылдамдыққа олардың әкелерінің аттарын атайды. Жүргізуші пәнді атайды, ал балалар оқытатын мұғалімнің аты-жөнін атайды. Жүргізуші тегін атайды, ал балалар атын, әкесінің атын және пәнді атайды.

Жаттығу : «Нағыз мұғалім, ол - ...»

Әрбір топ, адамның түрлі қасиеттері және мінез-қылықтары жазылған парақтарды алады. Олардың ішінде педагогтық қызметті іске асыруда өте маңызды орын алатындары да және бейтараптары да бар.

Әрбір топтың міндеті – нағыз мұғалімнің бойында болуы қажет қасиеттерді белгілеу. Барлық топтардағы тізім бірдей, бірақ олар әр түрлі сапаны таңдап алады. Жұмыс 5 минут бойы жүргізіледі. Содан кейін әрбір топ бір өкілді таңдайды. Ол тақтаның

алдында тұрады, қалғандары орындарына отырады. Топтарды тандаулары салыстырылынады.

Тандап алған қасиеттері жазылған парақтар ватманда салынған парақтарға бекітіледі (болашақ гүлдің).

Жаттығу «Біздің мұғалімдеріміз қандай?»

Балаларға олардың мұғалімдерінің сұхбат берулері жазылған ақпарат беріледі. Бұл жұмыстарда иесінің аты жазылмаған. Балалар қағаз парағын бір-біріне береді (олардың әрқайсысының қолында қағаз парағы болуы қажет).

Балалар мұғалімдердің жауаптарын оқиды және қалаулары бойынша қолдарын қояды. Содан кейін жапырақшаларды бір –біріне береді.

Одан әрі жапырақшалардан гүл жиналады.

Сонында біздің мектепте қандай мұғалімдер жұмыс істейтіндігі туралы қорытынды жасалынады.

Сабақтың талдауы (бірінші сабақтағыдай).

Үй тапсырмасы:

Өзінің және басқа балалардың бойында ұнайтын 5 қасиетті жаз. Сонымен қатар өзінің және басқа балалардың бойында ұнамайтын 5 қасиетті жаз.

№2 сабақ «Орта мектептегі жаңа оқушы»

Мақсаттары:

Оқи білу, өзінің іс әрекетін жоспарлай білу қабілетінің дамуына ықпал ету; орта мектептегі оқыту процессінің жаңа ережелерін талқылау.

Міндеттері:

Өзінің құрдастарымен бірге бірлесіп іс әрекет жасау және жарысу, өзінің жетістіктерін басқалардың жетістіктерімен дұрыс қабылдай білуін дамыту.

Көрнекіліктер:

Дәптерлер, қаламдар, жазуға арналған шағын парақтар, «ағаш» суреті бар бланк, көзілдірікке арналған қорапша

Сабақтың барысы:

Қиялдау жаттығулары

Жүргізуші балаларға өнертапқыштар болуды, көзілдірік қорапшасын пайдаланудың нұсқаларын барлық нұсқаларын пайдалануды ұсынады. Нұсқаларды 5 минут ішінде жазу қажет. Осы затты пайдаланудың ең бір оңтайлы және қайталанбас тәсілін ұсынған адам жеңімпаз болып табылады.

Үй тапсырмасын талқылау

Балалар кезектесіп өздерінің ең қызықты ережелерін айтады. Содан кейін мектепке, сыныпқа көмектесе алатын ережелерді атайды.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- Сен үшін ең қызықты ереже?
- Ұсынылған ережелердің қайсысы сен үшін маңызды болып есептелінеді? Неліктен ?
- Көңілін білдіргісі келетіндер өз ойын айтады.

Тақырып бойынша жұмыс

Жүргізуші: Біздің бүгінгі сабағымыз «жаңадан» келген оқушыларға – мектепте бұрын оқымаған оқушыларға арналады. Балалар, барлығымыз біздің мектепке басқа елден жаңадан оқушы келді деп елестетейік. Ол өзінің оқуын біздің мектепте жалғастырғысы келеді. Бірақ біз ең алдымен біздің мектептің өмірімен танысуға көмектесейік, оған ат қояйық.

Балалар өздерінің ойларын ұсынады (бесеуден артық болмауы қажет) және дауыс берудің негізінде есімді тандайды – мысалға, Том.

- Ал енді оған мектептің өмірі туралы не айтатынымызды ойластырайық.

Балалар нұсқаларды атайды: мұғалімдер, мектеп оқушылары туралы; сабақ туралы; сабақтағы үй жұмысы туралы; бақылау, жазбаша және ауызша жұмыс туралы және т.с.с.

- Жақсы, онда мысалға, сабақта қалай жұмыс істеу керектігінен бастаймыз.

Жүргізуші оқушылар өздерінің хабардар екендігін білдіретін, өздерің көрсетуге мүмкіндік беретін ашық жауап беретін бірқатар сұрақтар қояды (ең бастысы өзінің ойын айту кезінде қателесемін деген қорқынышты болдырмау).

Сұрақтар тізімі:

- Сабақта неліктен зейін қою қажет? Егер сен сабақта бір нәрсені түсінбесең не істеу керек? Неліктен? Сен егер үй жұмысын дұрыс шешпесең не болады? Үй жұмысын істемес бұрын, неліктен ережелерді қайталау қажет? Сабақта бір нәрсе қиын болса, не істеу қажет?

Оқу материалымен жұмыс:

- Оқылып отырылған пән бойынша қосымша материалдарды алуға қандай кітаптар көмектеседі? Қандай пәннен не істеу қажеттілігін сіз қайдан және қалай білесіз? Үйге не берілгендігін сен қаншалықты жиі сыныптастарыңмен телефонмен хабарласу арқылы білесің? Тапсырманы орындамас бұрын неліктен ережені жатқа білуің қажет?

Үй тапсырмасымен жұмыс

- Үй тапсырмасын орындауды қандай пәннен бастайсың? Немен аяқтайсың?

Жүргізуші: Сонымен біз бүгін Томға көп нәрсе туралы айттық, ал енді оның біздің мектеп туралы көп нәрсе білгендігінен кейін ол өзін қалай сезінетіндігін білейік?

Ағаш суреті салынған бланкті қарайық. Ағаштың жаңында онымен бірге көптеген адамдар бар екендігін көруге болады. Олардың әр қайсысының көңіл-күйі әр түрлі, олардың алар орны да әр түрлі. Қызыл бояуды алып сізге Томды, оның мектептегі көңіл-күйін еске түсіретін адамды бояуды сұраймыз. Біз сіздің қаншалықты ұқыпты екендігіңізді тексереміз. Ағаштың әрбір бұтағы оның жетістігі екендігін естен шығармандар. Біз сіздердің қаншалықты ұқыпты екендеріңізді анықтаймыз. Ағаштың әрбір бұтағы оның жетістіктері екендігін естеріңізге саламыз. Енді жасыл түсті бояуды алыңыз және Том қандай болғысы келген, кімге ұқсағысы келген адамды жасыл бояумен бояңыз.

Сабақты талдау (бірінші сабақтағыдай).

Үй тапсырмасы

Орта мектептің оқушысының жұмыс үстелін ойлап табу және суретін салу.

Сауаланама: «Үй тапсырмасын қалай орындау қажет?»

Оны барлық оқушы орындай ала ма?

№1 сабақ «5-ші сынып дегеніміз не?»

Мақсаттары:

Балаларды сабақтың мақсаттарымен жұмыс түрімен таныстыру, сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін қабылдау, ішкі ресурсты іске асыру, құрдастарымен бірге пікірталастарға қатысу және сұрақтарға жауап беру.

Міндеттері:

Бастауыш мектеп оқушысымен салыстырғанда бесінші сынып оқушысының мәртебесі туралы түсінікті дамыту; әрбір баланың өзі басқаларға таныстыруына мүмкіндік беру.

Көрнекіліктер:

дәптерлер, қаламдар, жазуға арналған шағын қағаздар, альбом беттері. «Школьный путь» суреті бар ватман парағы, жұмсақ ойыншық немесе доп. Портфельдің суреті А3 форматты парақ.

Сабақтың барысы:

Танысу «Есім және гүл» жаттығуы
Ережелерді қабылдау. Тақырып бойынша жұмыс:

«Сөйлемді жалғастыр» ойыны

Тактада немесе орташа шеңберде «Оқушының жолы» суреті бекітіледі. Онда 1-ші сыныптан 10-шы сыныпқа дейін мектеп жолын бейнелейтін тау суреттелген.

Қатысушыларға сөйлемдерді жалғастыру ұсынылады: «Бастауыш мектептен менің есімде қалғаны...», «Бесінші сыныпта менің көргім келеді...».

Барлығы шеңбер бойынша, бір-біріне допты немес жұмсақ ойыншықты бере отыра, өз ойларын айтады. Жүргізуші неғұрлым қызықты және оптимистік пікірлерді атап өтеді, оқушылардың мектептік тәжірибесінің жоғары екендігін, сондықтан да олардың одан арғы жолы жеңіл болатындығын айтады. Ол қандай болады?

Жүргізуші 5-ші сыныпқа көшуге байланысты, оқушылардың мектеп өмірінде жаңадан не пайда болғандығы туралы айтуды ұсынады.

Жаттығу: «Кім... нені»

Кім тәттіні жақсы көреді, солар бір адым алға шығады; кімде мысық бар, солар оң қолдарын көтереді; футбол ойнау кімге ұнайды, солар тізерлеп отырады; және т.с.с.

Жаттығу аяқталғаннан соң кім 5-ші сыныптың оқушысы болып енеді соларға қолдарын көтеру ұсынылады. Осы сәтте жүргізуші қатысушылардың ортақ істерінің көптігін атап өтеді.

«Мектеп жолы» жаттығуы

Жүргізуші балалармен олардың өткен жолдары және алда не күтіп тұрғандығы туралы әңгіме өткізеді.

«Мен үшін не маңызды?» жаттығуы

Балаларға өздерінің ата-аналарымен ұзақ уақытқа каникулға кететіндігін, демалыстарын елсіз аралда өткізетіндіктерін көз алдарына елестетулері қажет. Ата-

аналары балаларға тек қана оларға ең маңызды үш затты жол сандығына салу керектігін айтады.

- Сендер нені таңдайсыңдар? Осы заттардың аталуын қағаз бетіне жазыңдар (5 минут).

Одан әрі балалар тізімді оқып, неліктен нақ осы заттарды таңдағандарын айтып берулері қажет.

Талқылау

- Сен таңдағанды таңдаған біреу бар ма?
- Кімнің жазбалары сені таң қалдырды?
- Сендердің көпшілігінде қызықты және маңызды заттар бар ма?
- Кім туралы жаңа нәрсе білдің?

Сабақтың талдауы (кері байланыс)

Біздің сабақ қалай өткендігін қарайық. әрқайсысы жазылған төрт бет пішіннен екеуін таңдап алайық: қызықты ма немесе қызықсыз ба; қиын ба әлде оңай ма? Өздеріңнің нұсқаларыңды өздерің салған портфелдеріне жазыңдар.

АНЫҚТАМА

Күні: 21.09.2022ж

Тақырыбы: «Сәлеметсізбе мектеп» тренингі

Қатысқандар: 1-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 21 қыркүйегі күні 1-сынып оқушыларының бірінші күндегі қорқыныш деңгейлерін төмендету, мектеп ережесімен таныстыру, жаңа ортаға бейімделуін қалыптастыру мақсатында «Кел танысайық » атты тренинг болып өтті. Бұл тренингке 1-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. Амандасу
2. «Орман жануарларында қонақта» жаттығуы
3. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова

АНЫҚТАМА

Күні: 11.11.2022ж

Тақырыбы: «Тыныштық» тренингі

Қатысқандар: 1-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 11 қараша күні 1-сынып оқушыларына «Тыныштық» тренингі танымдық процесс туралы білімді қалыптастыру, есте сақтау, ойлау, қиялды дамыту мақсатында «Мейірімділік» атты тренинг болып өтті. Бұл тренингке 1-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Әңгіме» жаттығуы
2. «Лабиринг» жаттығуы
3. «Айна» жаттығуы
4. «Тыныштықты тыңдау» жаттығуы
5. «Көңіл-күй өлшегіші» жаттығуы
6. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова

АНЫҚТАМА

Күні: 14.10.2022ж

Тақырыбы: «Мейірімділік» тренингі

Қатысқандар: 1-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 14 қазан күні 1-сынып оқушыларына «Мейірімділік» тренингі топта ынтымақ, жағымды эмоциялық жағдай тудыру. мақсатында «Мейірімділік» атты тренинг болып өтті. Бұл тренингке 1-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Мейірімді есім» жаттығуы
2. «Атом және молекула» жаттығуы
3. «Мен... ұнатамын» жаттығуы
4. «Тыныштықты тыңдау» жаттығуы
5. «Көңіл-күй өлшегіші» жаттығуы
6. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова

АНЫҚТАМА

Күні: 07.12.2022ж

Тақырыбы: «Біз біргеміз» тренингі

Қатысқандар: 1-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 7 желтоқсан күні 1-сынып оқушыларына «Біз біргеміз» тренингі топты біріктіру. Ырықты есте сақтауды, зейінді дамыту мақсатында тренинг болып өтті. Бұл тренингке 1-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Әңгіме» жаттығуы
2. «Лабиринг» жаттығуы
3. «Айна» жаттығуы
4. «Тыныштықты тыңдау» жаттығуы
5. «Көңіл-күй өлшегіші» жаттығуы
6. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова

АНЫҚТАМА

Күні: 22.11.2022ж

Тақырыбы: «Біздің мұғалімдеріміз» тренингі

Қатысқандар: 5-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 22 қараша күні 5-сынып оқушыларына «Біздің мұғалімдеріміз» тренингі педагогтарға қатысты әлеуметтің ұстанымды ұстауым қажет мақсатында тренинг болып өтті. Бұл тренингке 5-сынып оқушылары қатысты. Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Мұрын, еден, орамал» жаттығуы
2. «Біздің мұғалімдеріміздің аттары кім?» жаттығуы
3. «Нағыз мұғалім, ол-...» жаттығуы
4. «Біздің мұғалімдеріміз қандай?» жаттығуы
5. Үй тапсырмасы
6. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріңе қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова

АНЫҚТАМА

Күні: 20.12.2022ж

Тақырыбы: «Біз және біздің сынып» тренингі

Қатысқандар: 5-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 20 желтоқсан күні 5-сынып оқушыларына «Біз және біздің сынып» тренингі оқушыларға өздерінің оқу процессінің «когнитикалық картасын» құруға, өз ісінің шебері ретінде педагогқа түсінік беруге, педагогтар туралы оларды қызықты тұлға ретінде түсінік беруге көмектесу мақсатында тренинг болып өтті. Бұл тренингке 5-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Ұжымдық есеп» жаттығуы
2. «Сыныптың коллажы» жаттығуы
3. «Біз қандаймыз» жаттығуы
4. «Ағаш» жобалық әдістеме
5. Сауалнама
6. Тест «Сіз тыңдай аласызба?
7. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова

АНЫҚТАМА

Күні: 18.10.2022ж

Тақырыбы: «Орта мектептегі жаңа оқушы» тренингі

Қатысқандар: 5-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 18 қазан күні 5-сынып оқушыларына «Орта мектептегі жаңа оқушы» тренингі оқи білу, өзінің іс әрекетін жоспарлай білу қабілетінің дамуына ықпал ету; орта мектептегі оқыту процессінің жаңа ережелерін талқылау мақсатында тренинг болып өтті. Бұл тренингке 5-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Қиялдау» жаттығуы
2. Үй тапсырмасын орындау
3. Тақырып бойынша жұмыс
4. Оқу материалымен жұмыс
5. Үй тапсырмасымен жұмыс
6. Үй тапсырмасы
7. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріңе қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова

АНЫҚТАМА

Күні: 07.09.2022ж

Тақырыбы: «Бесінші сынып дегеніміз не?» тренингі

Қатысқандар: 5-сынып оқушылары

Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылының 7 қыркүйек күні 5-сынып оқушыларына «Бесінші сынып дегеніміз не?» тренингі сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін қабылдау, ішкі ресурсты іске асыру, құрдастарымен бірге пікірталастарға қатысу және сұрақтарға жауап беру мақсатында тренинг болып өтті. Бұл тренингке 5-сынып оқушылары қатысты.

Тренинг барысында алдымен тренинг ережесі таныстырылып, күтілетін нәтижеге көңіл аударылды.

1. «Сөйлемді жалғастыр» ойыны
2. «Кім...нені» жаттығуы
3. «Мектеп жолы» жаттығуы
4. «Мен үшін не маңызды» жаттығуы
5. Қорытынды бөлім. Рефлексия. Оқушылардан бүгінгі тренингтен алған әсерлерінмен ой бөлісті. Бүгінгі тренинг-ойын сабағы ұнағандығы жайлы айтып өтті. Қандай әсер алып, өздеріне қандайда бір сабақ алғандары жайлы айтып өтті.

Мектеп педагог-психологы



С.Биназарова